

**2003 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алудың кейбір мәселелері және Мемлекеттік астық ресурстарын сақтау бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу ережесі мен Мемлекеттік астық ресурстарының орнын ауыстыру бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 26 ақпан N 205

Мемлекеттік азық-түліктік астық резервін жаңалау және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден 2003 жылғы егіннің бидай және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдары астығын мемлекеттік сатып алу көлемі 5 500 000 000 (бес миллиард бес жүз миллион) теңге сомасына 368250 (үш жүз алпыс сегіз мың екі жүз елу) тоннаға дейінгі көлемде белгіленсін, бұл ретте: <\*>

1) 2003 жылғы 25 шілдеге дейінгі мерзімде көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы: есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін, қосымша құн салығын қоса алғанда 14700 (он төрт мың жеті жүз) теңгеден кем емес баға бойынша 3167850000 (үш миллиард бір жүз алпыс жеті миллион сегіз жүз елу мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 215500 (екі жүз он бес мың бес жүз) тоннаға дейінгі көлемдегі азық-түліктік жұмсақ бидай астығын; бұл ретте есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін 10520 (он мың бес жүз жиырма) теңге есебімен 2267060000 (екі миллиард екі жүз алпыс жеті миллион алпыс мың) теңге сомасына 2003 жылғы 25 шілдеге дейінгі мерзімге кейіннен астықты жеткізіп беру фактісі бойынша есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін 4180 (төрт мың бір жүз сексен) теңге есебімен 900790000 (тоғыз жүз миллион жеті жүз тоқсан мың) теңге сомасына; <\*>

есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін қосылған құн салығын қоса алғанда, 16905 (он алты мың тоғыз жүз бес) теңгеден кем емес баға бойынша 507150000 (бес жүз жеті миллион бір жүз елу мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 30000 (отыз мың) тоннаға дейінгі көлемдегі азық-түліктік қатты бидай астығын; бұл ретте есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін 16100 (он алты мың бір жүз) теңге есебімен 483000000 (төрт жүз сексен үш миллион) теңге сомасына 2003 жылғы 25 шілдеге

дейінгі мерзімде кейіннен астықты жеткізіп беру фактісі бойынша есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін 805 теңге есебімен 24150000 (жиырма төрт миллион жүз елу мың) теңге сомасына. <\*>

2) күзде тікелей сатып алу арқылы:

есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін, қосылған құн салығын қоса алғанда 14700 (он төрт мың жеті жүз) теңгеден кем емес баға бойынша 1789720000 (бір миллиард жеті жүз сексен тоғыз миллион жеті жүз жиырма мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 121750 (бір жүз жиырма бір мың жеті жүз елу) тоннаға дейінгі көлемдегі азық-түліктік жұмсақ бидай астығы; <\*>

есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін, қосылған құн салығын қоса алғанда 35280 (отыз бес мың екі жүз сексен) теңгеден кем емес баға бойынша 35280000 (отыз бес миллион екі жүз сексен мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 1000 (бір мың) тоннаға дейінгі көлемдегі қытай бұршағы. <\*>

Көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы астық сатып алу шарттары бойынша астықты жеткізбеген немесе толық жеткізбеген жағдайда қосымша төлем үшін пайдаланылмаған, сондай-ақ жеткізілмеген астықтың берешегін өтеу тәртібімен түскен ақша қаражаты астықты тікелей сатып алуға пайдаланылады. <\*>

**Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.26. N 863; 2003.09.26 N 985 қаулыларымен .**

2. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы маңызды стратегиялық мәні бар 2003 жылғы егіннің астығын сатып алу бойынша көрсетілетін қызметтерді, мемлекеттік астық ресурстарын сақтау және орнын ауыстыру бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізуші болып белгіленсін.

3. Қоса беріліп отырған:

1) Мемлекеттік астық ресурстарына 2003 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу ережесі;

2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.03.27. N 371 қаулысымен .

3) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.03.27. N 371 қаулысымен .

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.27. N 371 қаулысымен.**

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Есімовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

## **Мемлекеттік астық ресурстарына 2003 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу ережесі**

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 , "Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізудің ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 31 қазандағы N 1158 қаулыларына сәйкес әзірленген және мемлекеттік астық ресурстарына 2003 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алудың тәртібін белгілейді.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) агент - "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы;
- 2) комиссия - құрамына Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі - Ауылшармині) және агенттің өкілдері енгізілетін, сатушыларды іріктеуді жүзеге асыратын, агент құратын комиссия;
- 3) сатушы - астықты мемлекеттік сатып алуға қатысатын ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші;
- 4) ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші - өсімдік шаруашылығы өнімдерінің тауарлы өндірісімен айналысатын жеке немесе заңды тұлға.

2. Астықты мемлекеттік сатып алудың мақсаты - мемлекеттік азық-түліктік астық резервін жаңалау және көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы және күзде тікелей сатып алу арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің астықты жеткізуі шартының негізінде оларды мемлекеттік қолдау.

3. Агент сатушылардан астық сатып алуды мемлекеттік астық ресурстарын сақтау үшін агент заңнамаға сәйкес іріктеген астық қабылдау кәсіпорындарында жүзеге асырады.

4. Сатып алуды жүзеге асыру үшін Ауылшармині мемлекеттік ресурстарға астық сатып алу бойынша қызметтер көрсетуге агентпен шарт жасасады. Бұл ретте көктемгі-жазғы қаржыландыруға және күзгі сатып алуға бөлек шарттар жасалады. Шарт жасалғаннан кейін, республикалық бюджеттен ақшалай қаражаттың түсуіне

қарай Ауылшармині ақшаны Астана қаласының Қазынашылық басқармасында агенттің ашқан N 1 арнайы шотына аударады.

## **2. Астық сатып алуды жүргізудің және оны қаржыландырудың шарттары мен тәртібі**

5. Осы Ереже жарияланғаннан кейін агент республикалық баспасөз басылымдарында сатушылардың өтінім беру, оларды комиссияның қарауы мерзімдері, орны және басқа шарттар туралы хабарландыру жариялайды.

6. Сатушылардың "ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші" деген анықтамаға сәйкестігін және бір сатушыдан сатып алынатын астық көлемін белгілеу мақсатында жергілікті жерлерде облыс әкімдерінің шешімдерімен жұмыс топтары құрылады.

7. Жұмыс топтарының құрамына облыс әкімдерінің ауыл шаруашылығы мәселелерін қадағалайтын орынбасарлары, ауыл шаруашылығы департаменттерінің (басқармаларының), жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдардың, статистика және салық органдарының, Ауылшарминінің облыстық аумақтық органдарының өкілдері және агенттің облыстық өкілдіктерінің директорлары енгізіледі.

8. Өз астығын сатуға мүдделі сатушы жұмыс тобына:

1) көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы сатып алу бағдарламасына қатысу үшін: міндетті түрде екінші деңгейдегі банктің сатушыға банк кепілдігін беру ниеті туралы хатын ұсына отырып өтінімді;

жер пайдалану құқығын белгілейтін құжаттың көшірмесін;

2) тікелей шарттар бойынша күзгі сатып алуға қатысу үшін:

өзі өндірген астығын сату туралы жазбаша өтінімді;

астықтың бар екенін куәландыратын астық қолхатының көшірмесін;

жер пайдалану құқығын белгілейтін құжаттың көшірмесін ұсынады.

9. Сатып алынатын астық сапалық көрсеткіштері бойынша мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1) азық-түліктік жұмсақ бидай:

Табиғи салмақ, г/л 750-тан кем емес

Ылғалдығы, % 13,5-тен көп емес

Дән маңызының жалпы үлесі, % 23,0-ден кем емес

Дән маңызының сапасы, тобы II-ден төмен емес

Протеин, % 12,0-тен кем емес

Мөлдірлігі, % 50-ден кем емес

Түссіздігі (дәреже) 1-ден төмен емес

Арамшөп қоспасы, % 2,0-ден көп емес

Дән қоспасы, % 3,0-ден көп емес

қалған сапалық көрсеткіштері үшінші сыныпты жұмсақ бидай үшін 1046-2001 ҚР СТ белгілеген нормалар шегінде;

2) азық-түліктік қатты бидай:

Табиғи салмақ, г/л 750-ден кем емес

Дән маңызының жалпы үлесі, % 25-тен кем емес

Мөлдірлігі, % 70-тен кем емес

Түссіздігі (дәреже) I-ден төмен емес

Арамшөп қоспасы, % 1,0-ден көп емес

Дән қоспасы, % 4,0-ден көп емес

қалған сапалық көрсеткіштері үшінші сыныпты қатты бидай үшін 1046-2001 ҚР СТ белгілеген нормалар шегінде;

3) қытай бұршағының тұқымы:

Ылғалдығы, % 12,0-ден көп емес

Арамшөп қоспасы, % 2,0-ден көп емес

Майлылық қоспасы, % 6,0-ден көп емес

қалған сапалық көрсеткіштері қытай бұршағының тұқымы үшін 17109-88 МЕМСТ белгілеген нормалар шегінде.

**ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.26. N 863 қаулысымен .**

10. Жұмыс тобы сатушылар ұсынған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қарайды, облыс бойынша сатушылардың тізілімін жасайды, оны жұмыс тобы мүшелерінің қолдарымен куәландырады және осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қосып комиссияға жібереді.

11. Комиссия жұмыс тобы ұсынған құжаттарды тексереді, республика бойынша сатушылардың тізілімін жасайды және оны шарт жасасу үшін сатушылардың облыстар бойынша тізілімімен бірге агентке ұсынады.

12. Агент комиссия ұсынған құжаттардың негізінде агент бекіткен нысан бойынша сатушылармен астықты сатып алуға шарттар (бұдан әрі - Шарт) жасасады.

Шарт жасасу үшін сатушы агентке қосылған құн салығы бойынша есепке қойылғаны туралы куәліктің көшірмесін немесе салықтық тіркеу нөмірін көрсетіп және сатушы бірыңғай жер салығын төлеуші екендігін және қосылған құн салығын төлеуші емес екендігін растай отырып, салық қызметі органының анықтамасын береді.

13. Сатып алу шарттары бойынша ақы төлеуді жүргізу үшін Сатушы агентке:

1) көктем-жаз кезеңінде - астықты сатып алуға арналған шартта көзделгеннен кем емес сомаға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің пруденциалдық нормативтерін орындайтын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің төлем кепілдігін;

2) күзде - астық қолхатын, астық сапасының сертификатын, сәйкестік сертификатын, салық заңнамасына сәйкес нысан бойынша шот-фактураны береді.

14. Агент осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген құжаттарды сатушылар бергеннен кейін Ауылшарминінен алынған ақшаны үш банктік күн ішінде сатушылардың шоттарына аударады.

15. Сатушыларға ақшаның аударылуына қарай агент Ауылшарминіне Астана қаласы Қазынашылық басқармасының ақы төлегені туралы белгісі қойылған, сатушылармен жасалған шарттардың тізілімдерін ұсынады.

16. Агент қосымша төлемді жүзеге асыру үшін сатушылармен агент бекіткен нысан бойынша қосымша келісімдер жасайды. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 16-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.26. N 863 қаулысымен .**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2003 жылғы 26 ақпандағы  
N 205 қаулысымен  
бекітілген

## **Мемлекеттік астық ресурстарын сақтау бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу ережесі**

**Ескерту. Ереже алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.03.27. N 371 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2003 жылғы 26 ақпандағы  
N 205 қаулысымен  
бекітілген

## **Мемлекеттік астық ресурстарының орнын ауыстыру бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу ережесі**

**Ескерту. Ереже алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.03.27. N 371 қаулысымен.**